



№2 (152), 2021
(Ақпан-Февраль)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издаётся с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Н. АҚТАУ

Балалардың дүниетанымын ұлттық құндылықтар арқылы
қалыптастыру.....3

А. АГАЙДАРОВА

Оқу процесінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық
әрекеттерін дамыту жолдары8

Н. ЖАЛМАХАНОВА

Әлеуметтік педагогтің тәуекел тобындағы жеткіншектермен
жұмысы10

Ж. МЕНДАЛИЕВА

Инклюзивті білім берудің қажеттіліктері15

Г. ТАҒЫБЕРГЕН

Әлеуметтік педагогтың тәуекел тобындағы жеткіншектермен
жұмыс жүйесі18

М. ДЖАНБОСИНОВА

Балалардың танымдық қабілетін дамытуда құм терапиясын
пайдалану жолдары22

А. ТУРЫСБЕКОВА

Агрессивті балалармен жүргізілетін түзету-дамыту
жұмыстары26

Н. ДЕШ

Психолого-педагогическое сопровождение учебного процесса
в условиях дистанционного обучения30

Н. КУСМАНОВА

Рекомендации родителям в условиях дистанционного обучения
ребенка на дому33

Қ. МАХАМБЕТОВА

Психологтың тәрбиешілермен жұмысы жайлы34

А. АЗИМОВА

Мектеп жасындағы бала тәрбиесіне отбасының әсері36

Б. СИХОВА

Қарым-қатынас жасауға арналған психологиялық тренинг40

Б. АЙТБАНОВА

Ата-аналарға психологиялық кеңестер43

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

11. 02. 2021 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>
типографиясында
басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Қ. Жарықбаев – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф. (Алматы, ҚазҰУ)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф. (Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф. (Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор (Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н., доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф. (Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф. (Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Б. Елеусінов – проф. (Қызылорда, «Өрлеу БАҰО» АҚ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог (Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
Кубигул ЖАРИКБАЕВ

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 11. 02. 2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Балалардың дүниетанымын ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыру

Н. АҚТАУ

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Құндылық ол адамның мінез-құлқында, тарихта, әр түрлі мәдениетте қандай көріністе бейнеленеді. Әрбір халық ұрпағын өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен жалпы адамзаттық ізгіліктерді жинақтап, пайдалана отырып, қоғамдық-тарихи тәжірибесін игертуді мақсат еткен. Әрбір қоғам өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойына, тәрбиелік тәжірибесіне сүйенеді.

Құндылықтар теориясы немесе аксиология (грек тілінде «ахіс» – құндылық және «logos» – ілім) шешуге ұмтылады. Аксиология – құндылықтар жаратылысы туралы, оның нақтылы орны мен құндылықтың өлемдегі құрылымы туралы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлғаның құрылымы арасындағы әр түрлі құндылықтар байланысы туралы ілім.

Абай жетінші қара сөзінде: «Дүниеге келген адамдардың бір тобы ішсем, жесем, ұйықтасам деп тәнін күтеді, енді біреулер көрсем, білсем деп жан рахатына ұмтылады» десе, алтыншы қара сөзінде «Өнер алды бірлік, ырыс алды тірлік» деп ұлттық бірлік туралы ой толғайды. Абай нағыз адам болу үшін сұраныстарын дамытудың қажеттігін айтады. Бұл жол – адамгершілік жолы, руханишылыққа, білімге талпыныс жолы деп түсіндірген болатын.

Ш. Уалиханов «Табиғат пен адам, өмір мен өлім саналы ұғымға тіптен түсініксіз, таңғажайып құпия құбылыс болып келеді. Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, одан құпия не бар?» - десе, белгілі ғалым Ж. Монтескье «ұлттың рухани қасиеттері ақыл, сезім, адамгершілік, дәстүр, тіл, дін, саяси заңдар мен елді басқару мәдениетті құрайды», - дейді. В.П. Тугаринов «Құндылық – адамдардың қажеттіліктері мен мақсаты және қызығушы-

лығы жағынан алып қарағандағы пайдалы, қажетті және жағымды деп есептелінетін құбылыстар немесе құбылыстардың қасиеттері», - деп анықтама берсе, А. Ивин «Құндылық – кез келген пайда мүддеге, тілек-ықыласқа, талапқа жауап беретін заттардың бәрі», - деп өзіндік пікірін ұсынады.

Дүниетаным – ғылыми, көркемдік, құқықтық, саяси, діни болуы мүмкін. З. Серікқалиұлы «Дүниетаным – адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі. Адамның алдына қойған мақсатының айқын болуы, дүниетанымның өмірмен байланыстылығынан және берік сенімінен туады. Дүниетаным жеке адамның табиғи және әлеуметтік құбылыстарын түсіндіру туралы пайымдауы, ой тұжырымы» деп қарастырады. Баланың дүниетанымы адамгершілігі, ерік-жігері, эстетикалық сезімдері, өзіндік көзқарастары арқылы қалыптасады. Бала өзінің дүниетанымына сүйеніп, тәжірибеде түрлі іс-әрекет жасайды. Дүниетанымның прогностикалық қызметі арқылы бала қоғамның даму заңдарын қолданып, оған ғылыми, теориялық, тәжірибелік тұрғыдан баға беріп, бүгінгі мен болашақты жасау туралы ұсыныстар айтады. Дүниетанымдық сана баланың сезіміне, ерік-жігеріне әсер етеді, сезім-сананы бекітуші, ерік-жігерді ынталандырушы. Баланың дүниетанымы оның сөзі мен ісінен, дүниемен қарым-қатынасынан көрінеді. Сананы, ой мәдениетін, сезімді, қарым-қатынасты бір мезгілде тәрбиелеу және дамыту дүниетанымды қалыптастырады. Шығармашылық баланың сезімін оятады, дүниетанымын қалыптастырады. Баланың дүниені қабылдау кезіндегі әсерленуі балалық шақта жақсы жүреді, сондықтан көркем өнерпаздар үйірмесін құру, өнер шығармаларын жасату, шығармалар жаздыру, сахналық қойылымдардағы рөлдерде ойнату баланың дүние туралы ой-әрісін кеңейтіп, көзқарастары мен сенімін тексеруге көмектеседі.

Ұлттық тәрбие мен халықтың мәдени деңгейін көрсететін *салт-дәстүр, игі әдет, әдет-ғұрып, әдеп, дәстүр, салт-сана* болып сараланады. Ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: *рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет* арқылы іске асырылып, *салауаттылық, имандылық мейірімділік, қайырымдылық* сияқты мәдени көріністерін табады. Қазақта «Балаңды өз тәрбиеңмен

тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле», - дейді, халқымыздың бойына сіңген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиенің қадір-қасиетін түсініп, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отыру басты міндетіміз. Тәрбие әке-шеше, отбасы, ағайын-туыс, көрші-қолаңнан бастау алып, балаға барлығы қамқорлық көрсетіп отырады. Халқымыз «Балаң өзіңе тартса – жұбаң, қоғамға тартса – қуан» деген. Ұлттық тәрбиеміздің бір ерекшелігі – қыз балаға қамқорлықпен қарау. Себебі халқымыз қыз тәрбиесіне баса назар аударған. «Ел болам десек – бесігіңді түзе» дегендей, тәрбие бесіктен басталатыны бәрімізге белгілі. Бесік иесі – ана. Ал қазіргі заманда қыз баланы, яғни болашақ бесік иесін тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуіміз керек, өйткені қыз бала ертеңгі бойжеткен, ана, халқымыздың болашағы. Отбасының берекесі болмай, Отанның мықты болуы мүмкін емес.

Ризаудин Ибн Фахруддин: «Әйелдері тәрбиелі болған халық – тәрбиелі, әйелдері тәрбиесіз болған халық-тәрбиесіз». Әйелдері үнемшіл, пысық, жігерлі, талантты болса – халық бай, ал жалқау, салақ немесе ысырапшыл болса, халық тақыр кедей болады, - деп бекер айтпаса керек. «Қызды тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу», «Халықты тану үшін қызын көр», - дейді. Халқымыздың тарихына жүгінсек, ұлттық танымды қалыптастырушы ата-анаға деген көзқарас пен құрмет ерекше болған. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық пен әділдік сияқты қасиеттеріміз ұлттық дәстүр ретінде қалыптасқан. «Үлкенді ұлықтап өскен ел ойсырамайды», «Көрі, көрінің сөзі – дәрі», «Көрісі бардың ырысы бар», «Атасыз үй батасыз, анасыз үй панасыз», «Бала – артта қалған із, бақыт – ұзатылған қыз», «Ұл-қызың мұрагерің, ертеңгі із басарың, өшпес ескерткішің, жалғанда жасар жалғасың» - дейді халқымыз. Махмұт Қашқари «Кішіпейілділік ұлылықтың белгісі», - дейді. Адам бойындағы құдай берген дарынға немесе байлығына, не қызметіне мақтанып немесе бұлданып, төкаппар болса, бұл ақылсыздықтың ең төмені, деп гумандылық және гумандылыққа жат қылықтардың, ой мен көзқарастың көрінісі екенін айтады. Ұлттық мәдениеттің дәстүрдегі бастау көрінісі – сәлемдесу. Сәлем – әдептіліктің, яғни мәдениеттіліктің белгісі. Сәлемнің сәлемдесу, сәлем беру, сәлем ету сияқты түрлері өзінің жөн-жоралғылық (мәдени) ерекшеліктерімен сараланады.

Оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін тәрбиелеуге қойылатын талаптарға: ұлттық парыз, ұлттық сезім, ата-ананы құрметтеу, бауырмалдық, мейірімділік ізгілік, ынтымақтастық пен татулық, қонақжайлылық, меймандостық, кісілік, көпшілдік, тектікті сақтау, төзімділік, сабырлылық, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, сыпайылық, мәдениеттілік, адамгершілік, т.б.

Ұлттық қасиеттерді қалыптастырудың құралдарына: жырлар, термелер, ән, аңыздар, ертегілер, шығарма, аңыздар, мақал-мәтелдер, еңбек, білім, тәрбие, өнер, ұлттық және спорттық ойындар, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, дін, тіл, ұлттық мерекелер, ұлттық мүдделер, т.б. жатады.

Тәрбие – жеке тұлғаның рухани, бітімдік, білімдік, ой-саналық дамуының негізгі факторы. Бұл фактор жеке тұлғаға сыртқы әсер, ішкі әсер арқылы ықпал жасайды; ішкі, сыртқы қайшылықтар арқылы басты қозғаушы күшке айналады. Н.А. Бердяев «Ұлттық қасиеттер – болмысы ауқымды табиғи құбылыс», - дейді. Ұлттық құндылық қасиеттер рәсімдеріміз, ұлттық сана-сезіміміз, ойымыз, дәстүрлік іс-әрекетіміз заман ағымына қарай қолданысында өзгеріс табады деген пікірді әрбір ой толғаушы ғалымдардың еңбектерінен байқауға болады. Ұлттық руханилық – ұлттық құндылықтың мәні деп түсінеміз. Қазақ ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Жас ұрпақты адал еңбекке, өнер-білімге баулу, өмірге бейімдеу, отбасының, Отанның намысын қорғауға, ізгі ниеттерге, имандылыққа тәрбиелеуде ата-бабаларымыздан қалған тарихи-әдеби жәдігерлер куә бола алады.

Педагог Ж.Р. Бәшірова «Әрбір халық, өзінің дәрежесін көтеріп, дамытуы үшін, ұрпағына өз дәстүрін, қадір-қасиетін ана тілімен, тарихымен, мәдениетімен, әдет-ғұрыптарымен, сонымен бірге күнделікті ұлттық тәрбиесімен дарытады», - деп көрсетеді. «Болса тәртіп, бала өседі сомдалып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып», - деп Ж. Баласағұн айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы шектен тыс еркелетпей, байсалды, ұғымтал етіп тәрбиелеу әрбір ата-ананың борышы саналған, ұл балаға ер-тұрман, киіз үй сүйегін, кебеже, сандық, т.б. мүліктерді жасап үйренуге, ал, қыз балаға киіз басу, сырмақ, текемет, түс киіз, ұлттық киімдер, т.б. өрнекті жиһаздарын пішіп-тігуге үйрете отырып, халқымыз өз ұр-

пағын алдағы өмірге баулығанын көреміз. Балаларды өнерге, еңбекке, адамгершілік ізгі қасиеттерге баули отырып, оларды елді, жерді, Отанды қорғау, ар-намыс, парыз үшін күресе білуге тәрбиелеу. Халық шығармашылығының үздік үлгілері, жалпы халықтық мәдениеттің бөлшегі ретінде саналады және онда сол халықтың жақсылық пен жамандық, әдемілік, ақиқат тұлғаның жоғары сапалық қасиеттері көрініс табады. Халық ауыз әдебиетінің көптеген жанрларының ішінде ертегілер өсіп келе жатқан жасөспірімдердің мінез-құлқына, көзқарастары мен тұжырымдарының қалыптасуына, эмоция мен сананың дамуына әсер етуде ерекше орын алады. Әл-Фараби «Тіл – дүниетаным құралы» дейді. Ж. Аймауытов баланың дүниетанымын қалыптастыруда тәрбиенің екі түрі болатындығын көрсетеді: дене тәрбиесі және жан тәрбиесі. Адамзат дүниетанымы, ең әуелі, саналы әрекетпен – ойлаумен тікелей байланысты. Ойлау әрекеті, оның сезімдік негіздерімен, адами бітім-болмысымен қоса, дүниетаным шығармашылықтың бастау көзі. Дүниетаным бір нәрсені білуге ұмтылу мен сұрақ қоюдан басталады. Дүниетанымға бұл ақиқатты дүниеге және ондағы адамның алар орнына, оны қоршаған болмысына және өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар, адамдардың осы көзқарастар арқылы қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным мен қызмет принциптері мен құндылық бағыттарына жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баласағұн Ж. Құтты білік / ауд. А. Егеубаев. – Алматы, 1986.
2. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – Алматы., 1991.
3. Нұрадин Г. Өркениет: дәстүр және сабақтастық. – Алматы, 2007.
4. Баширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Иман – тәрбие негізі. – Алматы., 1997.

Оқу процесінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекеттерін дамыту жолдары

А. АГАЙДАРОВА

Қазіргі таңда егеменді еліміздің өсіп келе жатқан жас ұрпағын терең ойлы да іскер, өзіне-өзі сенімді, ақыл-ойының деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Әсіресе, бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз – жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.

Білімнің негізі бастауыштан басталатыны белгілі. Қазіргі қоғам талаптарының өзгеруіне байланысты, білім берудің барлық сатыларындағы түбірлі өзгерістер, оқыту үрдісіндегі жаңаша көзқарастар, еліміздің көркейіп өркендеуіне, ел талап-тілектерінің бетбұрыстарына байланысты жаңа ұрпақтың психологиясы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, оны неғұрлым өмір талабына қарай өрістету міндеттері қойылады. Еліміздің егемендігі мен тіліміздің тәуелсіздігі де өскелең ұрпаққа жаңа талаптар қояды. Бала психологиясын жан – жақты зерттеп, оны терең білу, оның даралық ерекшеліктерімен үнемі санасып отыру мектеп пен мұғалімдерге жауапты да құрметті міндеттер жүктейді. Кіші мектеп оқушысының психологиясы тек жас ерекшеліктеріне ғана байланысты емес, сонымен қатар тұрған, өскен ортасына, балабақшада болу-болмауына, тұрақтылық жағдайына, табиғи ортаға, әлеуметтік ортаға тағы басқа жағдайларға байланысты.

Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан-жақты іздене отырып, оқушының бойындағы танымдық қызығушылықтарын, сонымен қатар олардың танымдық іс-әрекеттерін, белсенділігін арттыру керек.

Психологияда бастауыш мектеп жасының өзіндік бір ерекше

орны бар. Бұл жаста оқу іс-әрекетін меңгереді, психикалық функцияның еріктілігі құрылады, рефлексия туындайды, өзін-өзі бақылауы ерекшеленеді, ал әрекет ішкі жоспарға арақатынаста бола бастайды. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекеттерін дамыту арқылы оқу процестерін алға қоямыз. Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласына бейімделу балада бірден қалыптаспайды, оған біраз уақыт үйренуі керек. Оқу бала танымына көптеген қиындықтарды келтірген соң, балалардың кейбіреулерінің оқуға ынтасы болмайды. Оларды оқуға реттеу арқылы тарту қиын. Сондықтан оқуға деген ынтасын тудыру үшін психологиялық тренингтер, тесттер, сауалнама, әдістемелер пайдаланған жөн.

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының оқу процестерін қалыптастыра отырып, танымдық іс-әрекеттерін дамытуға болады. Танымдық іс-әрекеттің өзге әрекет түрлерінен ең басты ерекшелігі – оқушының үнемі жаңа нәрсені үйренумен, әрбір жаңа әрекеттерді бірінен екіншісіне ауысып отырумен байланысты. Сол себептен, оқу үрдісінде оқушының білім алуға, өз бетімен әрекет етуге деген құлшынысын оятуға, ақыл-ойының дамып, жетілуіне түрткі болатын танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру өзекті сипат береді. Терең білімге негізделген танымдық біліктердің қалыптасуы оқушылардың білімді теориялық негізде қорыта алуға мүмкіндік беріп, интеллектуалдық белсенді ойлауын жандандырып, шығармашылыққа жетелейді, нәтижесінде, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына негіз болады.

Оқу процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен қарым-қатынастың маңызы ерекше. Оқушының ой-пікірі мен бастамасы, ұсынысы мен тапсырманы орындау шеберлігі, сөйлеу мәдениеті мен ой тұжырымы, пайымдаулары, талпыныстары мен ізденістері, қызығушылығы мен байқампаздығы, іскерлігі мен дағдысы, іске батыл, сеніммен кірісуі жүзеге асады, мұнда мұғалімнің басты міндеті оқушыға бағыт-бағдар беру, істің дұрыс-бұрыстығын анықтау болып табылады. Оқушының танымдық ынтасын құптау, оған сенімділік таныту – оның мінез-құлқында тұрақтылықты, өзін-өзі бағалауды, ерік әрекетінде батылдық пен табандылық, сабырлылық пен ұстамдылықты, өзіне-өзі талап қоя білуді, т.б. үйретеді.

Қорыта келгенде, Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен білі-

міне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың танымдық әрекеттерін, танымдық белсенділіктерін, танымдық қызығушылықтарын арттыру, дамыту арқылы болашақта ақыл-ой терең дамыған, саналы да, білімді, өз-өзіне сенімді шәкірттерді тәрбиелейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуының стратегиясы. – Алматы: Білім, 2007.

2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы: «Атамұра», 2004.

3. Тоқсанбаева Н.Қ. Танымдық іс-әрекетке кіріспе: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.

4. Ахметов С. «Бастауыш кластарда білім берудің тиімділігін арттыру жолдары». – Алматы: «Рауан», 2005.

Әлеуметтік педагогтің тәуекел тобындағы жеткіншектермен жұмысы

Н. ЖАЛМАХАНОВА

Қазіргі уақытта «*тәуекел тобы*» жасөспірімдермен әлеуметтік-психологиялық жұмысы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. «*Тәуекел тобы*» ұғымы – көпсалалы үдеріс болып табылады. Бұл сала педагогика, психология, әлеуметтік психология, әлеуметтік педагогика, әлеуметтану, әлеуметтік жұмыс, девиантология, девиантты мінез-құлық педагогикасы пәндері негізінде оқытылады. «*Тәуекел тобындағы*» балаларға психикалық немесе әлеуметтік бейімделуі бұзылған, агрессивті мінез-құлқы және басқа да делинквенттілік нысандары бар балалар жатады. Қазіргі таңда тәуекел тобындағы жасөспірімдерді әлеуметтендіру болып табылады. Ауытқуы бар жеткіншектердің мінез-құлықтары жалпы дамуында айрықша орын алады.

«*Тәуекел тобы*» жасөспірімдерінде тұлғаның құндылық – нор-

мативтік ұстанымы қоғамда жалпы қабылданған нормалар мен ережелерден ерекшеленеді, бұл қоршаған ортамен өзара әрекет-тестікте қиындықтарға, басқалардың нұсқауы бойынша өмір сүру әдетіне, сезімнің кері әсеріне, масылдыққа, тәртіпті өрескел бұзу көріністеріне байланысты екені мәлім. Девиантты мінез-құлықтыларды зерттеушілер көне заманнан бастау алып қазіргі кезеңге дейін зерттеліп келеді. «Тәуекел тобы» оқушыларының ерекшелігі жағымды әрекеттерді ажырата алмай қажетсіз іс-әрекет факторларына ауып кетуі. Қоршаған ортада бала тәрбиесінде әлеуметтік тәуекел бірнеше топтарға бөлініп қарастырылады:

- Әлеуметтік-экономикалық фактор;
- Медициналық-әлеуметтік фактор;
- Әлеуметтік-демографиялық фактор;

Әлеуметтік-психологиялық фактор болып бөлінеді. «Тәуекел тобы» жасөспірімдердің жалпы жіктемесінде үш фактор бойынша бөлінеді:

- *Медициналық* – бұл мүмкіндігі шектеулі балалар, яғни соқыр, саңырау, ақыл-ой кемістігі, аутистер және т.б;
- *Психологиялық* – бұл эмоциялық, зияткерлік, мінез-құлық даму салаларында проблемалары бар балалар;

Әлеуметтік – бұл тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балалар, жетім балалар. Сондай-ақ психологиялық фактор бойынша «тәуекел тобындағы» жасөспірімдер психикалық дамуы тежелген, оқудағы қиындықтар, дарындылық, гиперактивтілік, мазасыздық, тұйықтық, агрессиялық көріністегі балаларды жатқызуға болады.

Белгілі психолог ғалым Е.И. Казакова үш негізгі тәуекел факторын анықтайды: *психофизикалық, педагогикалық, әлеуметтік* деп бөлсе, тағы басқа көптеген психолог ғалымдар төмендегідей факторлар анықтады:

- *Медициналық-биологиялық* – бұл туа біткен немесе тұқымнан берілетін дене немесе психикалық денсаулықтың бұзылуы;
- *Психологиялық* – бұл жағымсыз эмоционалдық төзімділікпен, қарым-қатынастың бұзылуынан байқалатын жүйке жүйесінің реакциялар;
- *Педагогикалық* – бұл үлгермеушілік, мотивацияның жоқтығы, баланың психикалық даму ерекшеліктері мен оқытудағы жеке тәсілдің болмауы.

Жасөспірімдер девиантты мінез-құлыққа бейім, бұндай жағдай кейін баланы «тәуекел тобына» түсуіне әкеледі, сондықтан жасөспірімдік кезеңдегі балаларға мектепте педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар және тағы басқа мамандар да ерекше назар аударып отыруы қажет. Девианттық мінез-құлық белгілі бір қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік нормалардың ауытқу және артынан құқықты және қоғамдық шараларды ілестіруші адамдардың өмір салты мен іс-әрекеті. А.Г. Абрумова, Л.Я. Жезлова девиантты мінез-құлық түрлерінің, әлеуметтік психологиялық тәсілге негізделген, классификациясын ұсынады. Олар балалар мен жас өспірімдердегі девиантты мінез-құлықтың негізгі төрт түрін бөліп көрсетеді:

- Тәртіпке қарсы мінез-құлық;
- Антиәлеуметтік (Делинквентті) Аутоагрессивті мінез-құлық.

Девиантты мінез-құлықтың тәртіпке қарсы түріне оқу-тәрбиелеу мекемелерінде қалыптасқан режим мен тәртіпті бұзу жатады, мысалы: сабақтан күнделікті қалу, оқу тапсырмаларын орындаудан бас тарту және т.б.

«Тәуекел тобындағы» балаларды көбінесе «қиын балалар» деп атайды, өйткені олар құрдастарын да, мұғалімдерді де түсінбейді, агрессивті, көбінесе сәтсіздікке ұшырайды, өйткені бала өзін басқа балалар сияқты емес, сәтсіз сезінеді. Бұл жағдай балаларды әлеуметтік бейімделе алмауға әкеледі.

Белгілі ғалым Л.К. Керімов «қиын балалар қатарына психикалық дамуы уақытша баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінез-құлқында дәрі-дәрмек беру арқылы қозу күйін тежейтін балалар жатады» дейді. «Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін отбасы қоғаммен тығыз байланыста болу керек» деген болатын. Сонымен қатар қиын оқушыларды қайта тәрбиелеудің үш кезеңін көрсетеді:

Бірінші кезең – дайындық кезеңі. Бұл кезеңде оқушы тәртібінің төмендеу себептері анықталады. Қиын оқушының бойындағы жақсы қасиеттер айқындалып, осы жақсы қасиеттерін негізге ала отырып, оқушыны қайта тәрбиелеудің болашақ жоспары жасалады;

Екінші кезең – педагогтың сынып алдындағы жауапкершілік кезеңі. Педагог өзінің мағыналы ісімен сынып алдында абыройға ие болғанда ғана қиын жасөспірімдермен жағымсыз қылықтарының

ішінен тәуір қасиетін бөліп алып, соған оқушының өз назарын аударуға болады.

Үшінші кезең – өзгеріс кезеңі. Бұл кезеңде қиын баланың ішкі дүниесінде «күрес» пайда болады. Күреске шыққан екі қарсыластың бірі – бұрынғы теріс қылықтары да, екіншісі – қалыптаса бастаған жаңа, жақсы мінезге машықтандыру. Әлеуметтік педагог тәуекел тобындағы жасөспірімдермен жұмыс жасау барысында әрбір баланың психологиялық-физиологиялық даму бағыттарын ескеру қажет. «Тәуекел тобындағы» балаларда тежелген психикалық даму байқалады, бұл: девиантты мінез-құлыққа, ойлау процесінің төмен деңгейіне, эмоциялық және рухани салаларда артта қалушылыққа, қоғам нормаларымен қабылданған жауапкершілік пен мінез-құлық дағдыларын кешірек қалыптастыруға әкеледі. «Тәуекел тобының» жасөспірімдеріне мынадай жағымсыз қасиеттер тән: бақыланбайтын агрессия, ашулану, жанжалдық, тұйықталу, девиацияның әртүрлі түрлеріне бейімділік қабілетсіздік, қатыгездік, өзін-өзі бағалаудың төмендігі жатады. Әлеуметтік педагогтің «тәуекел тобындағы» жасөспірімдермен жұмыс жүйесіне тоқталсақ:

- Тәуекел тобындағы балалар мен жасөспірімдердің деректер банкін қалыптастыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің тұлғалық және әлеуметтік даму проблемаларын диагностикалау;
- Жеке және топқа ортақ әлеуметтік-педагогикалық қызмет бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- Бағдарламаны іске асыру шарттарын қамтамасыз ету;
- Кеңес беру және т.б.

Әлеуметтік педагогтың «тәуекел тобындағы» оқушылармен жүргізетін жұмысының мақсаты – проблемалық қауіпті өмір жағдайындағы баланың әлеуметтік тұрақтануы үшін кедергі-қиындықтарды жеңу және оған жағдай жасау немесе проблеманы шешу, сонымен қатар әлеуметтік ортаның педагогикалық мақсатты, қолайлы жағдайын жасау. Тәуекел топтағы оқушыларды анықтау:

- тәрбиеленушілердің жеке іс-қағаздарын зерттеу;
- сыныптың әлеуметтік картасын құру;
- балаларды әлеуметтік мәртебесі бойынша тізімдеу;

Балалардың психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу:

- сабаққа, қосымша үйірмелерге қатынасу арқылы сыныптық және сыныптан тыс іс-әрекеттерде бақылау жүргізу;
- тәрбиешілер мен тәрбиеленушілермен әңгімелесу;
- тұлғалық ерекшеліктерін анықтайтын тестілер өткізу;
- денсаулықтары әлсіреген балаларды диагностикалық қараудан өткізу.

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді педагогикалық мінездемелері жағынан төрт топқа бөлеміз:

Бірінші топқа жататын девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің мінез құлқында дөрекілік, қатігездік, мейірімсіздік, үлкен-кішіні сыйламау сияқты әдет-дағдылар толық қалыптаспағанымен, олар іштей өз жүріс-тұрыстары мен іс-әрекеттеріне баға бере алмайды. Бірақ өз мінез-құлқын түзетуге талаптанады.

Екінші топқа жататындар адамгершілік қадір-қасиеттері төмендей бастаған, әлеуметтік бағдарлары қоғамға жат сыңаймен сипатталады. Бұлар қатігездік қылықтарымен қатар, ұрлық, тонау, зорлық-зомбылық жасау, темекі мен наша тарту, уытты сұйық заттарды иіскеу сияқты әдеттерге икемдене бастаған

Үшінші топқа жататындар өз мінез-құлықтарын басқара алмай, өзін-өзі тәрбиелеуге бейімділіктері жоқ жасөспірімдердің шағын тобы жатады. Қоғамға жат мінез-құлықтары қалыптаспағаны сонша, олар өздерінің теріс қылықтарына талдау бере алмайтын жасөспірімдер. Бұл топқа қатігездік, зорлық-зомбылық көрсетумен қатар ұрлық, тонау, ішімдік және наша тарту істеріне әбден машықтанған жасөспірімдер енеді.

Девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой пікірге сүйене отырып, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптасып дамуына, әлеуметтенуіне көмектесу қажет. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат, т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмайды және оларды мектепте әлеуметтендіру процесі жүргізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Акажанова А.Т. Психология девиантного поведения несовершеннолетних: теория и практика. Монография. – Алматы, 2011. С. 114.
2. Керімов Л. Қиын баланы қайта тәрбиелеу. – Алматы: Рауан, 1996. - 77 б.
3. Сидорова Л. Дети «группы риска»: помощь, поддержка, защита //Социальная педагогика.2003. №2. С. - 98-100.
4. Шульга Т. Смысл жизни и ценности детей группы риска //Социальная педагогика. 2005. №2. С. 35-39.

Инклюзивті білім берудің қажеттіліктері

Ж. МЕНДАЛИЕВА

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивті білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балалары ажырататын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаж-дықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім беру бағдарламасы – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағда-

йына қарамастан, сапалы білім алу – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

- Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады;
- Әрбір адам сезуге және ойлануға қабілетті;
- Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы;
- Барлық адам бір-біріне қажет;
- Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады;
- Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
- Әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру;
- Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына кемтар балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептер ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Жалпы білім беретін мектептер мен балабақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қа-

рай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік педагогы, логопед-мұғалімі, дефектолог-мұғалімі жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп-интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға:

- мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді;
- балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді;
- адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісін толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесін енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

Әлеуметтік педагогтың тәуекел тобындағы жеткіншектермен жұмыс жүйесі

Г. ТАҒЫБЕРГЕН

Қазіргі кезеңде «тәуекел тобы» жасөспірімдерімен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. «Тәуекел тобы» ұғымы – көпсалалы үдеріс болып табылады. «Тәуекел тобы» балаларына психикалық немесе әлеуметтік бейімделуі бұзылған, агрессивті мінез-құлықты және делинквентті нысаны бар балалар жатады. Басты мәселе тәуекел тобындағы жасөспірімдерді әлеуметтендіру болып табылады. «Тәуекел тобы» оқушыларының ерекшелігі жағымды әрекеттерді ажырата алмай қажетсіз іс-әрекет факторларына ауып кетуі. Қоршаған ортада бала тәрбиесінде әлеуметтік тәуекел бірнеше топтарға бөлініп қарастырылады:

- Әлеуметтік-экономикалық фактор;
- Медициналық-әлеуметтік фактор;
- Әлеуметтік-демографиялық фактор;
- Әлеуметтік-психологиялық фактор болып бөлінеді.

Л.Я. Олиференко тәуекел тобының жасөспірімін анықтау жағдайларын ұсынады:

- Дамуында проблемалары бар, бірақ клиникалық патологиясыз балалар;
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- Қолайсыз отбасыларда тәрбиеленетін балалар;
- Әлеуметтік көмекті қажет ететін балалар;
- Әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық бейімделуі бұзылған балалар деп қарастырады.

«Тәуекел тобы» жасөспірімдердің жалпы жіктемесінде үш фактор бойынша бөлінеді:

- Медициналық – бұл мүмкіндігі шектеулі балалар, яғни соқыр, саңырау, ақыл-ой кемістігі, аутистер және т.б;
- Психологиялық – бұл эмоциялық, зияткерлік, мінез-құлық даму салаларында проблемалары бар балалар;

Әлеуметтік – бұл тұрмысы нашар отбасылардан шыққан ба-

лалар, жетім балалар. Психологиялық фактор бойынша «*тәуекел тобындағы*» жасөспірімдер психикалық дамуы *тежелген, оқудағы қиындықтар, дарындылық, гиперактивтілік, мазасыздық, тұйықтық, агрессиялық көріністегі* балаларды жатқызуға болады. Жасөспірімдер девиантты мінез-құлыққа бейім, бұндай жағыдай кейін баланы «*тәуекел тобына*» түсуіне әкеледі, сондықтан жасөспірімдік кезеңдегі балаларға мектепте педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар және тағы басқа мамандар да ерекше назар аударып отыруы қажет. А.Б. Залкинд пен Л.С. Выготский жасөспірімдік жаста негізгі мүдделерді бөліп көрсетеді:

- *өзімшілдік басымдылығы* – бұл жеке тұлғаға деген қызығушылық;
- *доминант* – қоршаған ортамен теріс қарым-қатынас;
- *доминант күш* – бұл қарсылық, ол түзетуде, наразылықта, беделді басуда және т.б. көрінеді;
- *романтиканың басымдылығы* – бұл қызықты оқиға, ерлік және т.б.

Жасөспірімдер, көбінесе, олардың өмірлік жолында тұрған көптеген мәселелерді шеше алмайды және оларды түсіне де алмайды, осылайша олар қалыптасқан жағдайдан шығуды көрмейді. Бұл ретте жасөспірімдер жағымсыз факторлардың әсерін сезініп қана қоймай, ересектер тарапынан көмек көрмеген жағдайда балаға психикалық денсаулығына жағымды әсер ететін қолдау қажеттігі туындайды.

А.Г. Абрумова, Л.Я. Жезлова девиантты мінез-құлық түрлерінің, әлеуметтік психологиялық тәсілге негізделген, классификациясын ұсынады. Олар балалар мен жас өспірімдердегі девиантты мінез-құлықтың негізгі төрт түрін бөліп көрсетеді:

- Тәртіпке қарсы мінез-құлық;
- Антиәлеуметтік (Делинквентті) Аутоагрессивті мінез-құлық.

«*Тәуекел тобындағы*» балаларды көбінесе «*қиын балалар*» деп атайды, өйткені олар құрдастарын да, мұғалімдерді де түсінбейді, агрессивті, көбінесе сәтсіздікке ұшырайды, өйткені бала өзін басқа балалар сияқты емес, сәтсіз сезінеді. «*Тәуекел тобындағы*» жасөспірімдермен жұмыс жасау барысында әрбір баланың психологиялық-физиологиялық даму бағыттарын ескеру қажет. М.Р. Битянова «*сүйемелдеу* – психологиялық және педагогикалық тәжірибені біріктіретін, баланың даралығына назар

аударатын жұмыстың идеологиясы» деп түсіндірді. Олай болса, тәуекел тобындағы жасөспірімдердің ерекшеліктерін ескере отырып, төмендегідей психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуіміз тиіс:

- Баланың мәселелерін түсіну және шешу жолдарын ұсыну;
- Жасөспірімге оның құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беру;
- Баланың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
- Оқу үдерісін қолдау;
- Психикалық және физикалық дамуын ескере отырып, көмек көрсету;
- Эмоциялық денсаулықты қалпына келтіру.

«Тәуекел тобындағы» жасөспірімдері негізінен: сезім беттерімен, басқаларға бағыну әдетімен, құрдастарымен өзара қарым-қатынаста қиындықтармен, өзінің материалдық мазмұны бойынша қамқорлықтан бас тартумен, мектеп білімін меңгерудегі қиындықтармен, девиантты мінез-құлықтың әр түрлі формаларының көріністерімен ерекшеленеді.

А.Н. Волков «тәуекел тобына мектепте нашар үлгеретін және ауытқушылық мінез-құлықтың әр түрлі көріністерімен сипатталатын проблемалы отбасынан шыққан балалар жатады. Бұл өмірлік қолайсыз жағдайға тап болған балалар, сыртқы әлемнің жағымсыз жағдайлары мен факторларының ықпалымен өз дамуы үшін қажетті әлеуметтік игіліктерді үнемі немесе мезгіл-мезгіл алмайтын жағдай» деп анықтама берген болатын. Ал И.В. Гурьянова тәуекел тобына толыққанды дамуының қалыпты жағдайларының болмауына байланысты кейбір жағымсыз факторлардың әсерінен қиын жағдайды бастан кешіретін балаларды жатқызды. Әлеуметтік педагог бұл топтағы балалардың отбасымен, өзімен төмендегідей жұмыс түрлерін жүргізеді:

- Тәуелділікке бейім балалардың деректер банкі қалыптастыру және зерттеу;
- Білім беру мекемесінде кәмелетке толмаған «тәуекел тобындағы» балалардың әлеуметтік-психологиялық портретін жасау;
- Тәуелділікке бейім кәмелетке толмағандар туралы ақпарат көздерін зерттеу;
- Балалармен ата-аналар қарым-қатынасын нығайту сызбасын құрастыру;

- Кеңес беру;
- Профилактикалық жұмыс бағдарламаларын әзірлеу;
- Балаларға жеке құпия көмек көрсету және т.б.

Әлеуметтік педагогтың жұмыс әдістеріне тоқталайық:

1. Диагностикалық әдістер:

- Қарапайым және аз еңбекті қажет ететін әдісті таңдау;

- Әдістер әлеуметтік педагог үшін де, зерттелуші үшін де, өткізу үшін қажетті физикалық және психологиялық жағдайлар аз болған кезде қолжетімді болуы тиіс;

- Әдістерді қолдану технологиясы мен нұсқаулықта зерттелуші анық және түсінікті болуы және ынтымақтастыққа, сенімді қарым-қатынасқа бағытталуы тиіс;

- Әлеуметтік диагностиканың жағдайы мен шарттары диагностикаға қатысудан алаңдатпауы тиіс.

2. Әдісті таңдау:

- Нақты жағдайдан, мақсаттардан, міндеттерден, нысаннан, ортадан, зерттелушінің сипаты.

3. Әлеуметтік диагностикалық әдістер:

- *Нақты әлеуметтік заңдылықтары:* ақпараттық зерттеу, отбасылық жағдайы, отбасының құрамы мен динамикасы туралы мәліметтер жинау;

- *Әлеуметтік-тарихи зерттеу.* Осы аумақтың орналасу тарихын зерттеу және игеру, жергілікті халықтың құрамы мен оның сабақтарының, жергілікті тұрғындардың діни және тұрмыстық дәстүрлерінің өзгеруі, халықтың ауысуының себептері;

- Жергілікті және орталық баспасөз мақалаларының әр түрлі құжаттарын, ақпараттың электрондық құралдарының материалдарын, азаматтардың БАҚ-қа, билік органдарына және т.б. хаттары мен шағымдарын ақпараттық-мақсатты талдау;

- *Әлеуметтік картографиялау,* яғни халықтың әлеуметтік-кеңістіктік бөлінуі мен динамикасын, өмір сапасының мекендеу ортасының жай-күйін, оның символдық және нақты құндылығын саралайтын факторларға тәуелділігін сипаттайтын көрсеткіштер;

- *Әлеуметтік карта* учаскелерді, аумақтарды, қарқынды баратын азаматтарды, қаланың ластанған учаскелерін, аудандарды, әлеуметтік шиеленісті және т.б. орналастырудың кеңістіктік көрінісін анықтаудың тиімді құралы болып табылады. Балалармен топтық немесе жеке-дара жұмыс жасау. Тәуекел топтағы балалармен

әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жасауда, кешенді проблемаларды шешуде, әр түрлі мамандардың қатысуы талап етіледі. Бірақ негізгі рөл әлеуметтік педагогқа берілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

5. Ананьев Б.Г. Проблемы подросткового возраста. – К., 1994. – 176 с.

6. Керімов Л. Қиын баланы қайта тәрбиелеу. – Алматы: Рауан, 1996. -77 б.

7. Сидорова Л. Дети «группы риска»: помощь, поддержка, защита //Социальная педагогика. 2003. №2. - 98-100.

8. Садвакасова З.М. В помощь социальному педагогу, или как работать с трудными детьми: учебно-методическое пособие – Алматы: 2008. – 192 с.

Балалардың танымдық қабілетін дамытуда құм терапиясын пайдалану жолдары

М. ДЖАНБОСИНОВА

Құм терапиясы арт-терапияның ішіне кіреді. Арт-терапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. *Арт-терапия* (ағылшын тілінен *art* – өнер, *therapy* – терапия, емдеу, күтім жасау, қамқорлық) – өнер мен шығармашылыққа негізделген психотерапия және психологиялық түзету түрі. Құм терапиясы тәжірибе жүзінде 1920 жылдың соңында пайдаланыла бастады. Алғашқыда, бұл жұмысты белгілі психотерапевттер Анна Фрейд, Эрик Эриксон тәжірибеде қолданды. К. Юнг белсенді елестету техникасы құм терапиясының теориялық негізін құрайтынын анықтады. Құм терапиясының бала шығармашылығына әсері зор.

К.Г. Юнг: «Саусақ бұлшық еттері жақсы дамыған баланың тілі, психологиялық функциясы, шығармашылық қабілеті өте жақсы дамины. Адам құм түйіршіктері арқылы өз ойын бейнелейді және ішкі сезімдерін сыртқа шығаруға мүмкіндік алады», - дейді. Балалар құммен ойнағанды жақсы көреді. Құммен әр түрлі бейнелер

салып, тұрмыстық заттар жасап, бір-бірімен әңгімелесіп, бірін-бірі қолдап, біріге отырып жұмыс жасайды. Құм – миллион жыл бұрын пайда болған. Ол бүкіл әлем бойы жайылған. Құм – өте ұсақ ақ түсті, сары, қоңыр, сұр және қызғылт түсті болады. Құм бала үшін магнит сияқты өзіне тартымды зат. Құм терапиясымен – екі бағытта жұмыс жасалады. Олар сулы және құрғақ. Дора Кальфф «Құм тақтасындағы үшдеңгейлі сурет адамның ішкі жан дүниенің келбеті. Адамның ішкі дүниесіндегі мәселелерді сол құм тақтасында айқын көруге болады, бір драма сияқты көрініс береді», - дейді. «Шығармашылық» сөзі – «шығару», «іздену», «ойлап табу» деген мағына береді. *Шығармашылық қабілет* – баланың жеке айырмашылығын көрсетеді. Қабілет әр балада болатын қасиет, олар өмір сүру барысында дамып отырады. Қабілет дәрежесі әр адамда әр түрлі деңгейде болады. Бала бойындағы жалпы және арнайы қабілеттерінің алғы шарты, нышаны болып табылады. Қабілет әрекетте байқалып, сол әрекет арқылы дамып отырады.

Шығармашылық қабілет әрекеттің белгілі түрімен айналысудағы мүмкіндік – бейімділіктен байқалады. Ұлы ойшыл Кіші Сенека: «Адам өз қабілетінің қандай екенін бір іске кіріскенде ғана біледі», - депті. А. Саллюстий айтпақшы: «Әр адам өз тағдырын өзі шешуге тиіс». Ал адам қабілетінің қайнар көзі ешқашан да таусылмайды. Адам қабілеттілігінің артуына байланысты оның дарындылығы мен данышпандылығы да айқындала түседі» дейді. Құммен сурет салу балада белгілі бір эмоция тудырып, сөзбен жеткізе алмайтын мәселелерін бейнелеуге, шығармашылық энергия алуға көмектеседі. Құммен сурет салу – өте қызықты әрі пайдалы өнер. Құм терапиясына талдау жасау (танымдық талдау) рухани құндылықтарға жанасуды, күнделікті жағдайларға қатысты көзқарасты өзгертеді немесе едәуір байытады. Шығармашылық қиялдың дамуы, шығармашылық күш-қуаттың пайда болуы, сурет салу, заттар құрастыру, құмды дайындау, бейнені драматизациялау барлығы оқушылардың танымдық қабілетін жағымды эмоция арқылы шығаруға мүмкіндік береді. И.Д. Левипов: «Балалардың шығармашылық қабілеттері деп іс-әрекет қорытындысында жаңа бір нәрсені үйренулері және оқушылардың даралық бейімділіктерінің, қабілеттерінің, тәжірибелерінің көрінуі болып табылады», - дейді. Олай болса, құм терапиясы арқылы баланың *танымдық, шығармашылық, интеллектуалдық, қарым-қатынас* және т.б.

құзыреттіліктері дамиды. Балалармен құм терапиясын жүргізу барысында төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолданамыз.

Әңгімелесу – балалар өзінің құмда жасап жатқан бейнесін өзбетінше сөйлеп, достарымен талқылап отырады.

Пікірталастар – балалар ойын барысында бірін-бірі тыңдамай кетуі де мүмкін. Топтың ішінде бастаушы баланың пікіріне сүйеніп, бір-бірінің пікірін қолдап отырады.

Коммуникативтік ойындар – балалар бір-бірінің белгісін түсініп, бірінің іс-әрекетін бірі қолдап, тығыз байланыс орнатады. Барлығы бірігіп іс-әрекет жасайды, ынтымақтастық орнайды.

Танымдық ойындар – балалардың бір-бірінің пікірі негізінде ойлары дамып, дүниетанымы кеңіп, бір бейнені көркейтіп отырады.

Түрлі-түсті құммен сурет салу – құмды түрлі-түсті бояуларға бояп, әрбір заттың түрі мен түсін ажыратуға үйренеді, қолдары жаттығып, өздері салған бейнеге сөйлемдер құрастырып әңгіме айта бастайды. Сонымен қатар танымдық қабілеттері: қиялы, сын тұрғысынан ойлауы, шығармашылығы, көрнекі іс-әрекеттік, сөздік-логикалық, көрнекі-бейнелік ойлары дамып, танымдық, қызығушылық, іс-әрекеттік белсенділіктері қалыптасады. Балалар құмды ұстап «ыстық – суық», «құрғақ – ылғал», «қатты – жұмсақ», «майда-ірі» екенін сезінеді. Т.М. Грабенко «Чудеса на песке» деген еңбегінде құммен ойнау балада төмендегідей қасиеттерді дамытады:

- Бала дамиды;
- Саусақтарындағы ұсақ моторикасы дамиды;
- Өзіндік құрастырушылық қабілеті оянады;
- Баланың жетістіктері байқалады;
- Балаларға ұнайды;
- Ата-аналарына алғыс білдіреді;
- Өзіндік ой қалыптасады;
- Бір - бірін таниды;
- Өзіндік рахаттану сезімі және т.б.

Құм терапиясы балалардың өз әлемін ашуға көмектеседі. Құм терапияның кешенді қолданылу жүйесі:

- Бірінші бала қолын құмға тигізеді. Құм түйіршіктері алақан, саусақ ұштарын жаттықтырып, жүйке жүйесіне әсер етіп, ұсақ моторикасы, есте сақтау қабілеті дамиды;
- Екіншіден құм борпылдақ, жұмсақ, бала одан саналы түрде

әр түрлі заттар жасайды. Бұл әрекет баланың ішкі жағдайын диагностикалау үшін аса маңызды.

Қазіргі таңда құм терапиясы *сэндплей* (ағылшын тілінен. *Sandplay* – құмдағы ойын) әдісі танымал ойын әдістерінің бірі болып отыр. Бұл әдіс топтық және жеке формада жүргізіледі. Көбіне психолог мамандар психологиялық кеңес беру, психокоррекциялық, психотерапиялық жұмыс жүргізу барысында тәжірибелік әдістермен біріктіре отырып қолданады. «Құм науасы» ойыны да балалардың білімін шыңдауға, қарым-қатынасын нығайтуға ерекше ықпал етеді. Бала жазуды, санауды, заттардың пішіні мен түсін ажырата білуді үйренеді. XX ғасырдың 20-жылдары ағылшын педиатры Маргарет Ловенфельд алғаш рет құм ойынын кеңес беру әдісі ретінде сипаттады. Ол көбіне құм терапиясын, психологиялық дамуы ерекше, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасау барысында қолданды. Маргарет Ловенфельд балалардың құмнан салған бейнесін «Менің әлемім» деп атады. Көптеген адамдар үшін, әсіресе, балалар үшін, ойды сөзбен жеткізу өте қиын. Осы сәтте ым-ишаралық, бет-әлпеттік, қимыл-қозғалыстық және т.б. шығармашылық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білу қажет. Мысалы: моделдеу, кескіндеу, сурет салу адамның сыртқы әлемі мен ішкі әлемін үйлестіруге мүмкіндік береді. Құм терапиясы барысында фигуралар, адам бейнелері, жануар мүсіндері, өсімдіктер, көліктер, ғимараттар, көпірлер, текшелер, ертегі кейіпкерлері, табиғи материалдар қолданылады. Құм терапиясы, әсіресе, балабақша балалар үшін өте маңызды, өйткені олардың сөздік қоры, идеялары, өз ойлары аз болғандықтан оны дамытуға әсер етеді және *ікемділігін* қалыптастырады.

Белгілі ғалым Қ.Б. Жарықбаев: «*Ікемділік* – адамның қандай нәрсені болмасын орындай білу қабілеттілігі. Ікемділік білім мен тәрбиеге негізделеді. Кімнің білімі мен тәжірибесі көбірек болса, сол адамның ікемділігі де артық болады», - дейді. *Бейімділік* – бұл адамның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көңілінің аууы, оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Сондықтан балалық кезде ерекше көзге түсетін баланың *бейімділік, ікемділік, танымдық, шығармашылық, қабілеттілік* ерекшеліктерін құм терапиясы арқылы қалыптастыру маңызды деп білемін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Штейнхард Л. Юнгианская песочная терапия. – СПб.: Питер. 2001.
2. Экслейн В. Игровая терапия в действии. – М.: Эксмо. 2003.
3. Қасен Г.А. Арт-терапиялық практикум: оқу-әдістемелік құралы/ Г.А. Қасен, Ұ.Б. Төлешова, А. Б. Мукашева. – Алматы: Қазақ университеті, 2018- 88б.
4. Бактыбаев Ж.Ш, Төлешова Ұ.Б., Әбдіқадырқызы Ж. Білім берудегі арт-технологиялар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 117 б.

Агрессивті балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары

А. ТУРЫСБЕКОВА

Жеткіншектер ортасындағы агрессивті беталыстың өсуі біздің қоғамымыздың соңғы жылдары көбейіп кеткен жастар арасындағы қылмыстық істер, әсіресе жеткіншектер қылмысы ең күрделі де қиын әлеуметтік мәселеге айналады. Сонымен қатар денеге зиян келтіретін тұлғаға бағытталған қылмыстық әрекеттер санының көбею деректері де бізді алаңдатуда. Сондай-ақ жеткіншектер арасындағы жауыздық сипатқа ие топтық төбелестер жиіледі. Психологтар кәсіби қызығушылығы кәмелетке толмаған тұлғаның өзгеру деңгейіне және оның мінез-құлық ерекшеліктерінің сипаттау мәселесіне тұрақтанған.

Мінез-құлық ауытқушылығы мәселесі – педагогикалық психологияның басты әрі маңызды проблемалардың бірі. Егер өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың тәрбиесінде қиындық болмаған жағдайда жас ерекшелік және педагогикалық психология пәнінің қоғамдағы қажеттілігі оны оқуға деген сұраныс болмаған болар еді.

Агрессивті балалармен жұмыс істеу ережелері:

1. Баланың сұранысы мен қажеттілігіне мұқият болу;
2. Агрессивті емес мінез-құлықтың үлгісін көрсету;
3. Баланы жазалауда бірізді болу, тек нақты іс-әрекеті үшін жазалау керек;

4. Жазалау баланың абыройына нұқсан келтірмеуі шарт;
5. Ашу-ыза кезінде оны тарқата білу тәсілдерін үйрету;
6. Белгілі бір себепті жағдайдан кейін балаға өз ашу-ызасын білдіруге мүмкіндік беру;
7. Айналасындағы адамдардың және өзінің жеке басының эмоционалдық жағдайын танып білуге үйрету;
8. Эмпатияға деген қабілеттілігін дамыту;
9. Баланың мінез-құлқы аясын кеңейту;
10. Дау-жанжалды жағдайларда өзін ұстай білу дағдыларын пысықтау;
11. Өзіне деген жауапкершілікті сезіне білуге үйрету.

Алайда жоғарыда келтірілген әдіс-тәсілдердің барлығы оң өзгеріс бермейді, егер әр түрлі мінез-құлық танытса. Ата-ананың мінез-құлықтарының бірізді болмауы баланың мінез-құлқының нашарлауына себеп болады. Баланың сұраныстары мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету, балаға деген шыдамдылық және көңіл бөлу, үнемі айналасындағылармен қарым-қатынас жасай білу дағдыларын үйрету – міне бұлардың барлығы ата-аналарға балаларымен қарым-қатынасты жақсартуға көмегін тигізеді.

Жеткіншектік жас – адам дамуындағы өте қиын кезеңдердің бірі. Өзінің қысқа уақытында (14-18 жасқа дейін) ол адамның тұлға болып қалыптасуында көп нәрсені анықтайды. Дәл осы жеткіншектік жаста тұлға болып қалыптасуға негіз болушы мінез-құлық құрлымы жүреді.

Бұл жағдайлар: баланың ересек болуға өзіндік әрекетке көшу кезеңі әдеттегі мектеп оқуынан түрлі әлеуметтік іс-әрекетке ауысу; сондай-ақ ағзаның белсенді гармоналді қайта құрылуы жеткіншекті жағымсыз ортаға осал, көнгіш, көңілшек етіп жібереді. Сонымен қатар жеткіншектерге тән туыстарының басқаруына, мұғалімдерінің және т.б. тәрбиешілдердің қарамағынан тыс шығуға талпынысын ескерген жөн. Бұл талпыныс жиі рухани құндылықтардың және жалпы үлкен ұрпақтың тұрақты өмірінің жойылуына әкеледі. Бір жағынан жеткіншектермен тәрбие жұмысындағы кемшіліктерді айқындай түседі. Бұған қатысты ерекше ескеретін маңызды жағдай жанұядағы дұрыс емес қарым-қатынас ажырасу деңгейінің жоғарылауы.

Кәмелетке толмаған балалардың девиантты мінез-құлқы әр түрлі мақсатқа бағытталған. Жасөспірімдердің тұлға болып қалыптасуына әсер ететін социопотогенез нәтижесі ретінде қарасты-

рылады. Сондай-ақ әр түрлі ауытқушылық себептерінің арасында үлкен рөл ойнайтын әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық және психобиологиялық іс-әрекет үшін қажетті білімдер. Осылайша, кәмелетке толмаған балалардың мінез-құлқын зерттеу психологиялық білімді қажет етеді. Осы білім негізінде жеткіншектердің ауытқыған мінез-құлқын зерттейді. Ассоциалдық көріністерге ескерту жасалынып, практикалық амалдар жасалынады.

Девиантты мінез-құлық қазіргі кезде өте кең тараған проблемалардың бірі. Бұрын мінез-құлық ауытқушылығы тек ер бала жеткіншектеріне тән десе, соңғы жылдары қыз баланың да мінез-құлқы көңіл аудартуды талап етеді. Сонымен қатар бұл жұмыс қыздардағы тек ұсақ құқықбұзушылық, алкогольдік немесе токсикоманияның деңгейінің өсуімен ғана шектелер емес. Ең маңызды әлеуметтік мағынаға ие мінез-құлық ауытқушылығы және соған сәйкес оның ауыр түрлері де болады.

Агрессияның және жоғарғы алаңдаушылықтың негізі жиі ерте балалық шақта пайда болып, тұрақталынып кейінгі кештеу жаста бекітіледі.

Агрессия реакциялар формаларын келесі түрде бөліп көрсетуге болады:

- Физикалық агрессия (шабуыл) – біреуге қарсы физикалық күш көрсету.

- Жанама агрессия – бұрма жолдарымен жасалынатын бір адамға бағытталған (өсек, орынсыз қалжың) әрекет, сондай-ақ ешкімге бағытталмаған долылық көріністері (айғай, аяғымен тепсіну, жұдырықпен үстел үстін ұру, есіктерді қатты серпу, т.б.)

- Вербальді агрессия – негативті сезімдерін белгілі бір форма ретінде (айғай, ұрысу, у-шу, бүлдіру сондай ақ сөздік жауаптар арқылы қорқыту, қорғау, сөгу) білдіреді.

- Тітіркенушілікке бейімділік – кішкене ғана көрінетін қызбалық қозуға шамданғыштық дәрежелікке қарсы дайын болу.

- Негативизм – әдетте беделдікке немесе басшылыққа қарсы бағытталған оппозициондық мінез құлық мәнері. Ол қалыптасқан заң мен дәстүрге қарсы белсенді күресті ұйымдастыруға дейін өсуі мүмкін.

Мінез-құлық ауытқушылығы бар балалармен коррекциялық жұмыстың өз ерекшелігі бар. Жеткіншекпен жеке жұмыс өте тиімді. Ең бірінші жанұямен жұмысты қатар жүргізу қажет. Жанұялық

қарым-қатынас диагностикасынан кейін үйлесімсіздік сатысына қарай психокоррекциялық жұмысты жеке және топтық түрінде жүргізуге болады. Бірақ негізгі жұмыс жеке жеткіншекпен бірге жүргізілгені дұрыс. Агрессивті балалардың мінез-құлқын тәртіпке келтіруде мына бағыттарда жұмыс істеу қажет:

1. Ашу ызаны қолдануға болатын жағдайды үйрету;
2. Балаларды әртүрлі өзін-өзі ұстай алуға, өзін-өзі басқару әдісіне үйрету;
3. Шиеленіскен жағдайларда сөйлесу дағдыларын қалыптастыру;
4. Адамдарға сену, жаны ашу сияқты қасиеттерді қалыптастыру.

Мінез-құлық ауытқуының көрінуіне түрткі болатын білім беруімен байланысты әр түрлі факторлардың келесідей түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- Ассоциальді мінез-құлық психобиологиялық деңгей негізінде әсер етуші индивидуальды фактор ретінде индивидтің әлеуметтік жағдайының бейімделуін қиындатады.

- Жанұялық және мектептегі тәрбиенің кемшілігінің әсерінен көрінетін психологиялық-педагогикалық фактор.

- Оқу-тәрбие ұжымында, көшеде, жеткіншектің жанұясының адамдарымен біріккен іс-әрекетіндегі жағымсыз ерекшеліктерін ашушы әлеуметтік психологиялық фактор.

- Индивидтің белсенді қарым-қатынас орнатуға өзі таңдаған қоғам ортасы, нормаларға және өзін қоршаған құндылықтарға, педагогикалық әсері мол жанұя, мектеп, қоғам. Сондай-ақ өзінің мінез-құлқын өзі реттеуші қабілетінің тұлғалық бағасының бағытын көрсетуші жеке тұлға факторы.

- Әлеуметтік экономикалық және әлеуметтік шарттардың қоғамдағы алатын орнын анықтаушы әлеуметтік фактор.

Негативті (теріс) әсерді бөліп шығару қиындау, біріншіден өйткені олар оқшауланып көрінбейді яғни әр түрлі факторлар бірігіп әсер ететін негатив негізін құрушы ауытқыған мінез-құлық дамуына әсер етеді: адам дамуы көптеген факторлардың бірігіп әсер етуімен шартталған тұқымқуалаушылық, орта (әлеуметтік, биогенді, абиогенді) тәрбие (яғни тұлғаның қалыптасуына бағытталған әрекеттердің түрлері), адамның іс әрекетіндегі өзіндік практикалық жұмыстар.

Ескеретін жайт, 12-13 жаста мінез-құлық микроәлеуметте (микросоциум) болатын бақылаусыздық және сын көзбен қарамаушылық факторлы жағдайына тікелей байланысты.

Агрессивті балалармен түзету-дамыту жұмыстарын дер кезінде жүйелі түрде жүргізу өзінің оң нәтижесін көрсеткендігін аңғарамыз. Болашақта бұл жұмыстарға салғырт қарамай тек психологтардың мойнына жүктемей, мектеп-ата-ана-қоғам болып кірісуіміз абзал. Әрбір балаға өзіміздің баламыздай мейіріммен, түсіністікпен қарай білсек, қоғамда агрессивті балалар қатары азаяры сөзсіз.

Психолого-педагогическое сопровождение учебного процесса в условиях дистанционного обучения

Н.К. ДЕШ

В условиях эпидемиологической ситуации жить и работать всем приходится по-новому. Сегодня не осталось тех людей, кого бы ни коснулись изменения. Каждый из нас вынужден приспосабливаться и находить возможности поддерживать привычный ритм жизни. И в первую очередь перестраиваться пришлось школьникам, а значит, всей системе образования. Формат дистанционного обучения требует перестройки не только в техническом плане, но и в педагогическом, и психологическом. Педагоги, обучающиеся, родители – все участники образовательных отношений, нуждаются в психологической поддержке. Наряду с заботой о физическом состоянии важно уделить внимание психологическому здоровью. Как никогда сегодня нужна помощь педагога-психолога в адаптации к новым условиям.

Педагоги-психологи тоже оказались в новой социальной ситуации, которая поможет развить профессиональные компетенции и приобрести новые навыки работы в дистанционном формате.

Основными направлениями работы педагога-психолога, как **формы психологического сопровождения** участников образовательных отношений остаются по-прежнему: профилактика

тика, диагностика, консультирование, просвещение, коррекционно-развивающая работа, экспертная работа, проводимые с администрацией, педагогами, учащимися, родителями. Однако, в привычный набор методов и подходов необходимо будет внести некоторые коррективы с учетом дистанционного режима.

Психологическая профилактика, психологическое просвещение в онлайн-режиме – предупреждение возникновения явлений дезадаптации обучающихся, разработка конкретных рекомендаций педагогическим работникам, родителям по оказанию помощи в вопросах воспитания, обучения и развития с учетом возрастных и индивидуальных особенностей, в том числе и по вопросам психологического сопровождения дистанционного обучения, а также привитие навыков совладающего поведения всем субъектам образовательной среды; обучение их навыкам саморегуляции (разные возрастные, целевые группы), ведется через социальные сети. Разработан собственный сайт в Instagramm, личный канал психологической поддержки YouTube, сообщество в Вконтакте, где осуществляется психологическое просвещение по актуальным вопросам. Проводится онлайн-просвещение через Skype, WhatsApp, ZOOM и др. посредством создания интересного видеоконтента, прямых эфиров, вебинаров, видеоинструктирования, электронных библиотек, коллекций видеофильмов для организации психологического кинозала, создание красочных буклетов, рекомендаций, презентаций на различные темы.

Психологическое дистантное консультирование – применение форм и методов экстренной и кризисной психологической помощи в дистанционном формате, с целью быстрого снижения возможных негативных эффектов (паника, страхи, тревога, агрессивные проявления); проводится, через мессенджер WhatsApp, видео, аудио звонок, чат сообщения. Также все участники образовательного процесса, были ознакомлены с деятельностью веб-сайт Республиканского научно-практического центра психического здоровья (совместно с ЮНИСЕФ и МОН РК) <https://covid-19.mentalcenter.kz/>, где могут получить бесплатную квалифицированную психологическую помощь.

Психологическая компьютерная диагностика возможна через психодиагностические порталы, на которых с помощью методик, тестов, анкет можно провести диагностику и выявление наиболее важных особенностей деятельности, поведения и психичес-

кого состояния детей дошкольного и школьного возраста, которые должны быть учтены в процессе психологического сопровождения обучающихся в дистанционном режиме. Диагностика через сеть Интернет с возможностью сбора данных на едином ресурсе, в настоящее время многие психологические тесты существуют в компьютерном варианте, их можно приобрести или скачать в Интернете: <http://www.psychometrica.ru>, <http://psytest.info/taxonomy>, <http://vch.narod.ru/>, <http://psylib.myword.ru/>.

Самостоятельное создание онлайн опросов и тестов через Google-формы, мониторинговая деятельность в виртуальном облаке, еще один вариант – создать их с помощью Интернет-конструкторов: <http://www.uchportal.ru>, <http://www.uchportal.ru/>, <http://soft.softodrom.ru/>, <http://Konstruktor-testov-p4024>, <http://freesoft.ru/>.

Психологическая коррекционно-развивающая работа в дистанционном режиме для обучающихся, испытывающих трудности в адаптации, развитии, поведении, употребление ПАВ, агрессивное и аутоагрессивное поведение, депрессивные состояния, попадание под влияние деструктивных сообществ (посредством сети интернет), рост проявлений рискованного поведения и пр.; в том числе работа с детьми с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ), проходит в индивидуальном и групповом формате с использованием программ Zoom, Skype, WhatsApp через видеоконференцсвязь, с использованием онлайн- и мобильных тренажеров, онлайн игр (например, для коррекции и развития познавательных процессов). Используется персональный сайт педагога-психолога, на котором размещаю авторские видео занятия, онлайн- и мобильные тренажеры, развивающие игры. Материалы для организации коррекционно-развивающей работы онлайн, также можно использовать с сайтов: <http://gameboss.ru>, <http://www.solnet.ee>, <http://logicgame.com.ua>, <http://adalin.mospsy.ru>, <http://www.effecton.ru>, <https://brainapps.ru/>, <https://learningapps.org>.

«В эти времена, когда распространение нового коронавируса оказало огромное влияние на жизнь детей и их семей, психологическая поддержка играет ключевую роль в поддержании психического здоровья, и основной целью работы педагога-психолога, по-прежнему остается сохранение физического и психологического здоровья всех участников образовательного процесса.

Рекомендации родителям в условиях дистанционного обучения ребенка на дому

Н. КУСМАНОВА

Дистанционное обучение – серьезный вызов для детей и родителей. На данный момент родители как и дети проходят своеобразную адаптацию и наша задача помочь им пройти ее успешно. Не все родители способны справиться с новой формой обучения их детей. Психологическое состояние ребенка напрямую зависит от родителей. Из-за дополнительной нагрузки и сопутствующего стресса, родители могут не заметить то, как они начали обращаться со своим ребенком, так как теперь основная роль учителя легла на самих родителей. Они могут проявлять необоснованную агрессию в разных формах по отношению к ребенку, тем самым подавляя его психику.

Поэтому мы должны всегда напоминать им, что мы рядом, и готовы оказать психологическую поддержку. Родителям нужно объяснить, как **важен диалог и уважительное, дружелюбное общение** с ребенком.

Представляю Вашему вниманию памятки для родителей в период **дистанционного обучения их детей, которыми они должны руководствоваться.**

- В первую очередь следует сохранить и поддерживать для себя и ребенка привычный распорядок и ритм дня (время сна и бодрствования, время начала уроков, их продолжительность, «переменки» и пр.). Резкие изменения режима дня могут вызвать существенные перестройки адаптивных возможностей ребенка и привести к излишнему напряжению и стрессу.

- Родителям и близким ребенка важно самим постараться сохранить спокойное, адекватное и критичное отношение к происходящему. Эмоциональное состояние ребенка напрямую зависит от состояния взрослых. Опыт родителей из других стран показывает, что потребуется некоторое время на адаптацию к режиму самоизоляции, и это нормальный процесс.

- Ведите себя спокойно, сдержанно, не избегайте отвечать на вопросы детей о вирусе и т.д., но и не погружайтесь в длительные

обсуждения ситуации пандемии и ее рисков. Не смакуйте подробности «ужасов» из Интернет-сетей!

- Постарайтесь разобраться в рекомендациях, которые вы получаете от школы по организации дистанционного обучения детей. Ориентируйтесь только на официальную информацию, которую вы получаете от классного руководителя и администрации школы. Школе также нужно время на то, чтобы организовать этот процесс.

- Надо предусмотреть периоды самостоятельной активности ребенка (не надо его все время развлекать и занимать) Главная идея состоит в том, что пребывание дома – не «наказание», а ресурс для освоения новых навыков, получения знаний, для новых интересных дел.

- В конце каждого дня подробно обсуждайте с ребенком, что получилось, а что пока нет. Для понимания успехов и трудностей задавайте открытые вопросы, обращенные к конкретному опыту: что, как, для чего, зачем, что чувствовал, как это получилось или не получилось и т.д. В свою очередь давайте ему развернутую положительную обратную связь: опишите конкретный успешный опыт ребенка, выразите радость, восхищение, уважение. И не жалейте объятий.

Таким образом, мотивировав своего ребенка, можно проложить мост к положительному отношению к учению в период дистанционного обучения.

Психологтың тәрбиешілермен жұмысы жайлы

Қ. МАХАМБЕТОВА

Мақсаты: тәрбиешілердің белсендігін арттырып, бала тәрбиесінде балалардың үлкендермен, кішілермен қарым-қатынасын дамыту, өзара түсіністікке бейімдеу, жеке тұлға ретінде өзінің «менін» қалыптастыруға бағыт-бағдар беру.

Көрнекі құралдар: тас, су, лента, ватман, түрлі-түсті карандаш, шарлар, жүрекшелер.

Құрметті тәрбиешілер, сіздерді көргеніме өте қуаныштымын!

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,
Бізге келсін, қуаныш нұр іздеген.
Шуақ толған жанымыз бен жүрегіміз,
Үлгі алсын көрген жан мына бізден!

Ал, енді амандасып алайық. Есімімізді атап, алақандарымызды бірінің үстіне бірін қойып, пирамида жасап, «Сәлеметсіз бе!» деп қолымызды жоғары көтереміз.

Бала тәрбиесінде ата-ана бірінші тұлға болса, екінші тәрбие беретін орын ол балабақша. Балабақшада баланың тәрбиесі біліммен қоса жүреді. Бірақ та қанша тәрбиеленіп жатса да, әлі де тәрбиеге көне қоймаған, ашылмаған балалар баршылық. Ата-аналарды танымдық оқу үрдісінен басқа баланың қатарластарымен қарым-қатынасы да алаңдатады. Балалардың үлкенге, кішіге, өз ара қарым-қатынасы қандай? Олар ертеңгі күні мектепке барады, басқа ортаға барғанда өздерін қалай ұстайды деп алаңдаушылық білдіреді. Балаларды тәрбиелеуде сіздерді қандай ой мазалайды? Сол ойларыңызды, сезімдеріңізді айтып мына тасты суға тастаңыздар. Тәрбиешілер бір-бірлеп тастарды алып, өз ойларын ортаға салып, тасты суға тастайды.

Қараныздаршы, балаларды тәрбиелеу оңай емес. Балаларды тәрбиелеу мақсатында ойларыңыз, алаңдаушылық тудыратын мәселенің көптігі сонша, су тасып, өз ернеуінен асып тұр. Іште қайнап тұрған ой, мазасыздық сыртқа шыққанда көрдіңіздер ме? Осының бәріне не істеуге болады?

Ойын. Яғни, балалардың қарым-қатынасын ойын арқылы дамытуға болады. Бала ойнай келе, қарым-қатынасын дамытады. Бала бойында сенімділік пайда болады. Сондықтан біз сіздермен бірнеше ойындар ойнайық.

Қазір мен арамызда байланыс бар ма соны тексеру үшін бір-екі қимыл жасаймын, ал сіздер мен айтқанда қайталайсыздар.

- Шапалақпен дыбыстар шығару. Енді сіздер қайталау керексіздер.

- Керемет, сіздермен байланыс бар.

- Шеңберді біз құрамыз, қол ұстасып тұрамыз, жымып күлімдейміз.

- Қолымызды қатты қысып ток жібереміз.

1. Ал енді мен сіздерге ауыр қарбызды берем түсіріп алмай ақырын көтеріп, бір-бірлеріңізге беріңіздер. Хрусталь ваза берем, ақырын аламыз өзі нәзік сындырып алмаңыздар, ақырын-ақырын береміз. Ал, енді кішкентай мысықты берем. Өзі сондай сүйкімді

қараңыздаршы, сипап қояйық, өзі жұмсақ, өзі пырылдайды. Барлықтарыңыз ұстап көріңіздер, сипаңыздар;

2. Аң. Ал енді бір үлкен аң боламыз, алға бір қадам жүреміз, артқа бір қадам жүреміз. Демімізді жинаймыз, шығарамыз, жинаймыз, шығарамыз. Аңның жүрегі соғып тұр, тук-тук, тук-тук;

3. Шар. Келесі жаттығуға мен шарлар берем, шарларды үрлейміз. Екі-екіден жұп құрамыз. Бірнеше жаттығу жасаймыз. Бірінші басымызбен апарып алып келеміз. Екінші иығымызбен, үшінші жанымызда, төртінші кеудемізде ұстап алып келеміз;

4. Көпір. Лентаны тастап көпір жасаймын, осы көпірден бір-бірлеріңізді құлатпай, өздеріңіз бақылап, бір-бірлеріңізге көмектесіп, орындарыңды ауыстырып, өткізіп жіберулеріңіз сұралады;

5. Шығармашылық. Екі топқа бөлініп, топ құрыңыздар да бүгінгі алған әсерлеріңізді салыңыздар. Өздеріңіздің көңіл-күйлеріңізді көрсетіңіздер.

Әркім өз ойларыңызды ортаға салыңыздар. Әсерлеріңізбен бөлісіңіздер. Бүгінгі сабақтан не күтіп едіңіздер, не ұнады, көңілдеріңіз толды ма? Ұсыныстарыңыз бар ма?

Ал енді шеңберге тұрамыз. Мына жүрекшелерді ұстап тұрып, тілек айтайық, бала тәрбиесінде жақсы жетістікке жетейік. Енді жүрекшелерді өзіміздің жасаған көлімізге тастайық, себебі осымен барлық алаңдаған мәселелеріміз шешілсін, келешекте еш алаңдаушылық деген болмасын. Болашақта бәрі жақсы болады деп ойлайық.

Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін. Рахмет сіздерге!

Мектеп жасындағы бала тәрбиесіне отбасының әсері

А. АЗИМОВА

Отбасы – адамның эмоциясы, уайымы, көзқарасы, қатынасымен байланысты емес, ол феномен. Отбасы феноменінің бір жолы – оның құрылымы, тарихи уақыт талабына сай өзгеруі және бір отбасының өмірлік циклінің логикалық түсіндіруі.

Мектеп жасындағы бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамаңыз. Сабақ оқып отырған баланың төбесінен төніп, әрбір кемшілігі үшін жерден алып жерге салу оның сабаққа деген ынтасын жойып,

өтірік айтуға итермелейді. Балаңыз жақсы адам болсын десеңіз ашуға салмай өзіңізді салмақты ұстаңыз. Дауыс көтерудің орнына талап қоюдың тиімді жақтарын үйреніңіз. Мұндай баланың жеткен жетістіктерін мақтай отырып, оған берілген тапсырманы дұрыс орындауды талап етіңіз.

Оны жақсы орындайтынына сенетініңізді, тапсырманы белгілі бір уақытта тексеретініңізді айтыңыз. Сонда балаңыз сіздің көңіліңізден шығуға тырысады. Тек мақтау керек екен деп, орынсыз мақтамаңыз. Ол баланы өзімшілдікке жетелеп, өзін өзгеден артық санайтын етіп, даму қабілеттерін тежейді. Баламен қарым-қатынаста бір сөзді болыңыз. Егер бір нәрсенің болмайтынын айтсаңыз, оныңыздан ешқашан ауытқымаңыз. Өкінішке орай, кейбір ата-аналар баланың жылағанын жүректеріне жақын қабылдап, өз талаптарын бірден босаңсытады. Зерек бала мұндайды байқаған соң, түрлі жолдармен (жылаумен, ашумен) өз дегенін жасататын болады. Алайда, талап қоюда табандылық танытыңыз, бала жер тепкілеп жылағаннан ештеңе шығара алмайтынына көз жеткізіп, әрекетінің нәтижесіз екенін ұғып, қырсықтықты өзі-ақ тоқтатады.

Жапондарда «бала өмірі – таза ақ парақ. Оған қандай қолтаңба қалдырам десе де, ата-анасының өз еркі» деген мақал бар. Баланың қандай болатыны ата-анасының қолында деуге болады. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, қазіргі таңда жұмыстан шаршап келген ата-аналардың көбі бала тәрбиесіне 15-20 минуттарын арнайды екен. Санаулы минуттардың көбі күнделікті тексеріп, кемшіліктеріне ұрсып, сынаумен өтетіні белгілі болған. Балалармен сырласып жақын әңгімелесетіндер аз кездескен. Ата-ана балалармен әңгімелесу арқылы оның нені білетіндігін, неден қателесетіндерін біліп дер кезінде көмек қолын соза алады. Баланың өмірге деген құштарлығын дамыту, күш-жігер беру ата-ананың мейірімі мен ыстық ықыласына байланысты. Ғалымдардың айтуынша, ата-ана баласы жетіге келгенше күніне 15 рет құшақтап сүйіп, шынайы сезімдерін білдіріп отырулары қажет. Ананың шынайы мейірімін көрген баланың өмірге деген құштарлығы оянып, ерік-жігері молая түседі. Мұндайда қазақтың «балаңды беске дейін патшаңдай күт, он үшке дейін құлыңдай жұмса, он үштен кейін құрбыңдай сырлас» деген мақалы еске түседі. Бұл өмір тәжірибесінен алынған тәсіл. Кейбір ата-аналар баланы тәрбиелеу – оны еркелету деп қателеседі. Оған ненің дұрыс, ненің қате екенін жақсы көре отырып түсіндіріп, үйрету керек.

Бала тәрбиелеудің тиімді 8 ережесі:

1. Егер сіз ескерту жасағыңыз келсе, ең алдымен балаңыздың жақсы жақтарын шынайы мадақтаудан бастап барып айтыңыз;

2. Өзіңізге өшпенділік тудырмай, сын айтқыңыз келсе, қателігін тура емес жанама түрде жеткізіңіз;

3. Балаңыздың қателігін бірден басып айтпастан, өз қателіктеріңізді де еске түсіре айтыңыз;

4. Бұйырып айтқанды ешкім ұнатпайды. Сондықтан тікелей бұйрық беруден гөрі, сұрақ қойып, кеңес беру арқылы орындатқаныңыз жөн;

5. Балаға өз беделін сақтап қалуға мүмкіндік беріңіз;

6. Үлкен жетістіктерді көздеуге шабыт беру үшін оның кішкентай жетістіктерін бағалап, шынайы түрде мадақтаңыз;

7. Адамдар туралы жақсы пікір айтуға дағдыланыңыз, сонда олар да соған лайық болуға тырысады;

8. Мақтай отырып, сіз байқаған қателіктерін өзі оңай түзетуге болатын әсер қалыптастырыңыз.

Адам өмірі құнды десек, балаға өмір сыйлайтын да, оны өмірге құштар ететін де және кез келген қиындықты жеңуге үйрететін де ардақты ата-ана. Балаға олардың жылы мейірімі мен қолдаулары ауадай қажет. Сол себепті балаларыңыздан мейіріміңіз бен жан жылулықтарыңызды аямаңыздар. Оларды әлеуметтік жағынан қамтамасыз етіп қана қоймай, жан дүниесін де жұтаңдықтан қорғай біліңіздер.

Ата-әжелеріміз кезінде өз бала-шағасы түгілі, ауыл тентегінің өзіне «адам болып кетер» деп үлкен сенім білдіре білген. Сенім білдіру, үміт арту, қолдау, жақсылыққа үйрету кез келген өмір қиындығын жеңуге көмектеседі. Олай болса, бала тәрбиесіне немқұрайлық танытпай, ұрпағымызға сенім арта отырып, үлкен шыдамдылықпен жақсы тәлім-тәрбие бере білейік.

Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа адамды тәрбиелеуді талап етіп отыр. Қоғам талабы – заман талабы, өйткені «әр адам – өз заманының баласы». Сол себептен адамды заман билейді, заманына сай Заңы туындайды. Қай заманда да тәрбие жөнінде талай ойшыл-педагогтар адам бойындағы түрлі қасиеттер туралы мәселе қозғаған. «Халықтың экономикалық тұрмыс жағдайларын, тіршілік күйін өзгерту керек, сонда адамның өзі де өзгереді», - деп тұжырымдаған. Сондықтан «Туа жаман жоқ, жүре жаман бар», «Заман түзелсе, жаман түзеледі», деп халық педагогикасы тәрбиенің заманға, қоғамға, оның материалдық-рухани байлығына тәуелді екенін деп басып жеткізген.

Жас адамды есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы. Өйткені, «Ес

түзелмей, ел түзелмейді», олай болса, егеменді еліміздің болашағы отбасында тал бесіктен басталып, оқу-тәрбие орындарында есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен шешіlmек.

Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Аталған нысанаға жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді:

- Отбасындағы баланың өсіп-жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту. Тазалық дағдыларын қалыптастыру;
- Еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, баланың күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру, тұрмыстағы үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын үйрету;
- Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туған туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;
- Оқудың, білім алудың, мәдени мінез-құлықтың әдет дағдыларын қалыптастыру;
- Әдебиетке, өнерге, мәдениетке, ғылымға құштарлығын тәрбиелеу, уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру;
- Баланың ақылына, күшіне, біліміне сай берілген тапсырманы талапты орындауға дайын болуға үйрету;
- Тәртіптілікке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ойшылдыққа, сергектікке, естілікке, т.б. баулу;
- Өзін-өзі тәрбиелеуге, дербестікке, шығармашылыққа баулу.

Осылардың бәрін халықтық педагогика негізіне сүйене жүргізледі. Бұл сияқты жауапты мақсат, міндеттерді орындау үшін бала дүниеге келгеннен бастап отбасында, одан кейін қоғамдық тәрбие орындарында, ғылым-білімге үйретіледі. Осылайша, бала тәрбиесі үзіліссіз, жүйелі жүргізілумен шешіледі.

Отбасында баланы халықтық педагогика негізінде баулу үшін тәрбие мазмұнын қайта құру, демократияландыру, ізгілендіру, ғылым жетістіктерін пайдалану, ата-анаға педагогикалық, психологиялық білім беру, мамандары сапалы даярлауды, қайта даярлауды іске асыру қажет. Қазақ бала-бақшаларындағы тәрбие тұжырымдамасында «Қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінде мұра болып келе жатқан ұлттық дәстүріне, тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына, жөн-жоралғысына, әдебиетіне, өнеріне лайықтап қайта құру», қайта құрылған білім-тәрбие негізінде балаларды ана тілінде сөйлетуге үйретіп, ойлау, қабылдау, сезу процестерін дамыту керектігі атап көрсетілген.

Көшпелі және рулық-тайпалық негізде құрылған халықтарда

туыстық байланыстар қоғамдық қарым-қатынастың негізін қалайды. Рулас ағайын, туыс, жақын туыс, аталас, бір ата баласы, бір әке баласы арасында туыстық байланыстан туындайтын парыз бен қарыз міндеттер өте көп. Олар қазақтың ғұрыптық заң-салттарымен бекітілген.

Отбасында негізгі туыстық қатынас – ерлер жағымен есептелген. Сонымен қатар, әйел жағымен де туыстық байланыстардың атаулары бар. Қыздан туған балаларды жиен деп атап, балалар үшін шешесінің туыстары нағашы, нағашы жұрт деп аталды. Қазақ салты бойынша жиенді ренжітуге болмайды, сұрағанын беріп, көңілін жықпауға тырысқан. Жалпы алғанда, қазақтың туыстық қатынас атаулары 90-ға жетеді. Көнекөз шежіреші қариялар бір атадан келесі атаның баласын, туыстық тармақтарды еш қиналмастан-ақ тарқата береді. Осылайша, тарихи оқиғалар, аңыз-әңгімелер атадан балаға жалғастырылады.

Қарым-қатынас жасауға арналған психологиялық тренинг

Б. СИХОВА

Мақсаты: тренингке қатысушыларға айналасындағы адамдармен, қоршаған ортамен қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Тренинг барысы:

Мінез-құлқы, көңіл-күйі, мақсаты, өмірлік бағыты, болмысы әр түрлі адамдарды түсіне білгенде ғана өмір қызықты да мәнді болады. Қоғамда қалыпты өмір сүруді өзгеден үйрене алмайсың, ол әрбір адамның жеке тәжірибесінен алынады. Өзгелермен қарым-қатынас барысында қайталанбас тұлға ретінде қалыптасамыз. Өмірде алуан түрлі тағдырлы, мінезді адамдар кездеседі. Олармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу – баға жетпес байлық. Осы байлыққа ие адам қоғамда өз орнын тауып, үйлесімді өмір сүре алады. Өмірді сол қалпында қабылдап қадірлей біледі. Өзімен де басқамен де жарасымды өмір сүре алатындай тұлға ретінде қалыптаса алады.

Олай болса, бүгінгі тренингіміз «Қарым-қатынас тренингі» деп аталады. Адамдармен қарым-қатынас жасау шеберлігі адамның

ішкі мәдениетіне, біліміне, тәрбиесіне байланысты болады десек артық емес.

• Барлығымыз тыныштық сақтап, тыныштық сәтін орындайық.

«Ойланайық, пікірлесейік»

1. Адами қарым-қатынас деген не?

2. Адами қарым-қатынас жасау адам өмірінде неліктен бағалы-құндылық болып табылады?

3. Сөздің қарым-қатынас жасаудағы рөлі қандай?

Сахналау

Адами қарым-қатынастағы ең басты әдептілік бұл – сәлемдесу болып табылады. Қазақ халқында сәлемдесудің түрлері көп. Олай болса мынадай тапсырмаларды орындайық.

1. Ата, әжелердің амандық-саулық сұрасуын сахналау;

2. Мұғалім мен оқушылардың арасындағы сәлемдесуді сахналау;

3. Өз құрбыларымен сәлемдесуді сахналау.

Сахналау соңынан мына сұрақтарды талқылау:

1. Қалай амандасқан жөн деп ойлайсыздар?

2. Амандасу әдептілігі жайлы не білеміз?

3. Қазақ дәстүрінде сәлемдесудің қандай реттілігі қалыптасқан?

«Жағымды сөз» тренингі.

- Балалар, дөңгелене отырайық. Жүргізуші оң жағынан бастап бірінші отырған баланың көзіне тура қарап: «Айдар, маған сенің аққөңілді мінезің ұнайды» дейді, Айдар «рақмет» деп келесі балаға бұрылып: «Фатима, маған сенің әсем күлкің ұнайды» дейді, одан әрі Фатима рақмет айтады да келесі балаға бұрылады. Ең соңында жүргізушіге соңғы бала жағымды сөз айтады. «Жақсылық жасасаң, өзіңе қайтып келеді» деген сөзбен тренингті аяқтауға болады.

«Екі бақа туралы аңыз»

Екі бақа бірде сүттің бетіне түсіп кетеді. Содан бақалар тырмысып шыққысы келеді. Ешқандай шығатын жол таппаған бақаның біреуі ақыры қанша талпынсам да шыға алмаймын ғой, одан да өле салайын деп өзін-өзі өлімге қияды. Ал екінші бақа қайтсем де шығамын, шығатын жол табамын деп, талпына береді, талпына береді, ақыры шайқалған сүттің бетіне қаймақ тұрып, бақа сыртқа шығады.

(Осы аңыз нені айтқысы келеді және аңыздан қандай ой түйдіңіздер? Әр топ өзара ақылдасып, шешімдеріңізді ортаға салыңыздар)

Орыстың психолог-ғалымы И. Панариннің тест-сауалнамасы бойынша адамның тұлғалық қасиетін анықтау мақсатындағы 4 түрлі пішінді қалауларыңыз бойынша таңдап алыңыздар. Фигураларды тарату.

Төртбұрыш

Бірінші топты таңдағандар өте еңбекқор, төзімді, өз жұмысының шебері, бастаған істі аяғына дейін жеткізетін жандар.

Үшбұрыш

Екінші топты таңдаушылар көшбасшылық қабілеті бар, алдына қойған мақсатына жететін жандар.

Тіктөртбұрыш

Үшінші белгіні қалағандар жаңа идеяға жақын, білуге құмар, ізденгіш жандар.

Овал

Соңғысын таңдағандар өте мейірімді, өзгенің қайғысын, қуанышын бөлісуге даяр тұратын жандар.

«Сыйлық» ойыны

Мақсаты: рефлексия процесін күшейту, ұжымда жағымды психологиялық ахуал орнату, топ мүшелерінің бір-бірін түсінуге, ұжымда тұлға аралық қарым-қатынастың маңызды сапаларын ашу.

Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Қазір сіздер бір-бірлеріңізге, яғни өзіңіздің сол жақта тұрған көршіңізге (сағат тілімен) сыйлық сыйлайсыз. Көршіңізге қандай сыйлық жасайсыз, сыйлықты үнсіз (вербальды емес) ым-ишара арқылы көрсетіп бересіздер. Сіздің көршіңіз нендей сыйлық сыйлап жатқанын түсінетіндей жасау керек. Барлығы сыйлықтарын алып болғанша ештеңе айтылмайды. Барлығы үнсіз жасалады.

Талқылау:

1. Көршіңіз сізге қандай жасанды сыйлық жасады деп ойлайсыз?
2. Қандай сыйлықты сыйлағанын сіз тез түсіндіңіз бе?
3. Сізге сыйлық ұнады ма?
4. Қандай әсерде болдыңыз?

Ата-аналарға психологиялық кеңестер

Б. АЙТБАНОВА

- Ұжымда бала өзін сенімді ұстау үшін көп қарым-қатынаста болу керек;

- Баланың жанын тыныштандыратын және өзін сенімді жасайтын отбасылық шараларды жиі ұйымдастырыңыз.

Мысалы:

1. Кезекпен келетін кешкі ас;

2. Бірлесіп кітап оқу;

3. Массаж жасап, баланың тыныш ұйықтауын қамтамасыз етіңіз.

4. Баланың күн тәртібін сақтау, балаға арналған күн тәртібін ұйымдастырып, оны көрнекті жерге іліп қойыңыз;

5. Балаға картамен немесе сызбамен жұмыс жасауды үйретіңіз. (Серуенге барар жол);

6. Баламен бірлесіп музыка тыңдап, көрмеге, театрға барыңыз (егер бара алмасаңыз онлайн көптеген көрмелерге бейнешолу жасай аласыздар, сайттардан іздеңіздер);

7. Бала сізбен тыныш және өзіне сенімді болу үшін онымен өзара қарым-қатынасыңызды реттеңіз, оның досы, сырласы бола білсеңіз, жетістіктеріңіз еселене түседі;

8. Өз балаңызды тыңдай біліңіз, онымен көп уақытты бірге өткізуге тырысыңыз;

9. Өзіңіздің бала кезіңіздегі жеңісіңіз бен жеңілісіңізді әңгімелеп беріңіз;

10. Отбасында бірнеше бала болса, жеке-жеке көңіл бөліңіз.

- Тепе-теңдікті ұстай алмайтын күйіну кезіндегі минуттарда өзіңізге сақ болыңыз;

- Бала бір қалыпқа түспейінше, балаға қатысты жұмысты қоя тұрыңыз;

- Егер жағдайға байланысты керісуіңіз керек десеңіз, балаға теріс қылығыңызды көрсетпей, балаға жайлап қараңыз;

- Әрбір баланың құқықтары мен міндеттерін бір уақыт балаға ұғындырып отырған жөн;

- Ең бастысы – баланы өміріңіздегі керемет сыйлығыңыз әрі үлкен жауапкершілікті талап ететін азамат екенін естен шығармаңыз.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АГАЙДАРОВА Арайлым Хабибулловна – №3 көпсалалы мектеп-гимназиясының педагог-психологы. Қрасный Яр ауылы, Көкшетау қаласы, Ақмола облысы.

АЗИМОВА Асель Расильевна – №101 мектеп-гимназия педагог-психологы. Жетісу ауданы, Алматы қаласы.

АЙТБАНОВА Баян Калмаханбетқызы – Арнайы мектеп-интернат педагог-психологы. Тараз қаласы, Жамбыл облысы.

АҚТАУ Нұргүл Көшбайқызы – «Ұлан бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы МКҚК тәрбиешісі. Маңғыстау ауданы, Маңғыстау облысы.

ДЕШ Наталья Константиновна – педагог-психолог Дмитриевской основной школы. Бурабайский район, Акмолинская область.

ДЖАНБОСИНОВА Мейрамгул Берікқызы – Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің «Ұлан бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы МКҚК тәрбиешісі. Маңғыстау облысы.

ЖАЛМАХАНОВА Назым Сағындыққызы – Абай атындағы №90 орта мектебінің әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану пәні мұғалімі. Абай ауылы, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы.

КУСМАНОВА Назгуль Орынғалиевна – педагог-психолог КГУ СОШ №12. п. Деркул, г. Уральск, Западно-Казахстанская область.

МАХАМБЕТОВА Қапиза – МКҚК «Қаламқас» балабақшасы педагог-психологы. Аманкелді ауылы, Аманкелді ауданы, Қостанай облысы.

МЕНДАЛИЕВА Жеміс Жаскеленқызы – жалпы білім беретін А. Жұмағалиев атындағы Жосалы орта мектеп-балабақша кешенінің педагог-психологы. Сырым ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

СИХОВА Бибигул Усербаевна – Ш. Жексенбаев атындағы ЖОББМБК мектеп психологы. Бөкей ордасы ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

ТАҒЫБЕРГЕН Гауһар Еркінқызы – №266 мектеп-лицейінің әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану пәні мұғалімі. Әйтеке би кенті, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы.

ТУРЫСБЕКОВА Айжан Елубаевна – «Нұрым орта мектебі МДШО» КММ-нің педагог-психологы. Нұрым ауылы, Кербұлақ ауданы, Алматы облысы.